

Қаулылардың күшін жою туралы

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 2 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шардара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 311 "Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25345 болып тіркелген) және Шардара ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 287 "Шардара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы "Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" № 311 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6385-13 болып тіркелген) күштері жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б.Туребеков